



ПАРАСАТ

1996 ЖЫЛДЫҢ 22 НАУРЫЗЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ИЗДАЕТСЯ С 22 МАРТА 1996 ГОДА

№9(45), 14.11.2025

СПЕЦВЫПУСК

МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ - БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ!

ҒЫЛЫМ – БИГІНДЕ, ХАЛЫҚ – ЖҮРЕГІНДЕ

Биыл қазақ ғылымының ұлы тұлғасы, тарих ғылымдарының докторы, академик Манаһ Қабашұлы Қозыбаевтың туғанына 94 жыл толып отыр. Бұл күн – ұлттық рух пен парасат мерекесі. Өйткені Манаһ Қозыбаев есімі – ұлттың тарихи зердесімен, елдікті дәріптеген ұлы мұраттармен біте қайнасқан қасиетті есім.

Академик Манаһ Қозыбаев – қазақ халқының тарихи тағдыры мен рухани болмысына терең бойлаған ғұлама. Оның ғылыми көзқарасы тек өткенге үңілумен шектелмей, болашаққа бағытталған еді. Ол тарихты саясат құралы емес, ұлтты танудың мектебі деп білді. Осы ұстаным бүгінгі күні біздің университеттің гуманитарлық білім жүйесінің өзегіне айналды.

Бүгінде біз зор мақтанышпен Солтүстік Қазақстан университеті академик Манаһ Қозыбаев атындағы ұжым болып, осы ұлы есімді иеленіп отырмыз. Бұл – үлкен жауапкершілік әрі мәртебелі мұра. Университет қабырғасында М. Қозыбаевтың ғылыми және рухани мұрасы тек тарих ретінде емес, қазіргі заман білімінің, ұлттық идеяның тірі үлгісі ретінде өмір сүріп келеді. Біз үшін білім беру – кәсіби даярлықпен қатар, рухани мәдениет пен азаматтық жауапкершілік қалыптастыру үдерісі.

Манаһ Қабашұлының өмір жолы – қарапайым ауыл баласының әлемдік ғылым биігіне көтерілген тағылымды тарихы. Ол 1931 жылы Қостанай облысында дүниеге келіп, еңбек пен ізденіс арқылы ғылым шыңына шықты. 1953 жылы Қазақ мемлекеттік университетін үздік бітіріп, бар саналы ғұмырын ел тарихын зерделеуге



арнады. Тарих ғылымына қосқан еңбегі мен ұлтқа сіңірген қызметі оны ел ардағы дәрежесіне көтерді. Ғалымның басшылығымен жарық көрген «Қазақ ССР энциклопедиясы», «Қазақстан тарихы» атты көптомдық еңбектер – тұтас дәуірдің айнасы. Ал «Қазақстан – майдан арсеналы», «Ақтандақтар ақиқаты», «Жауға шаптым ту байлап» сияқты еңбектері – ұлттың азаттығын тануға жол ашқан, ел жадын жаңғыртқан рухани мұралар.

Манаһ Қозыбаевтың ең үлкен еңбегі – ұлт тарихын халық сана-сына қайта оралту. Кеңестік кезеңде айтуға тыйым салынған ақтандақтар мен зұлмат жылдар шындығын алғашқылардың бірі болып ашқан да осы ғалым еді. Ол ақиқат үшін күресті, ғылымды шындықтың құралы етті.

Оның ғылыми мектебі бүгінгі таңда біздің университеттің гуманитарлық факультеттерінде жалғасуда. Университет қабырғасында тарих, филология, журналистика және әлеуметтік ғылымдар бағыттары жүйелі дамып келеді. Бұл бағыттардың басты ұстанымы – ұлт тарихы мен мәдениетті қазіргі заман талаптарымен сабақтастыру.

2022 жылдан бастап университетімізде Манаһ Қабашұлы басқарған Ш. Уәлиханов атындағы институттың филиалы ашылды. Қазіргі таңда университетімізде гуманитарлық бағыттағы жаңа буын ғалымдар қалыптасуда. Олар Манаһ Қозыбаев негізін салған ғылыми мектептің шәкірттері ретінде ұлт тарихын жаңа көзқараспен зерттеуде. Бұл – біздің ең үлкен жетістігіміз әрі мақтанышымыз.

Манаһ Қозыбаевтың аты берілген университет – тек оқу орны емес, рухани мекен. Біз ұлы ғалым қалыптастырған тарихи сана мен патриоттық идеяны студенттердің бойына сіңіруді басты міндет деп білеміз. Осы мақсатта университетімізде жыл сайын «Қозыбаев оқулары», жас зерттеушілердің ғылыми жобалары мен конференциялары дәстүрге айналған. Бұл – тек академиялық шара емес, ғалым рухына тағзымның белгісі.

(Соңы 2-бетте)

ҒЫЛЫМ – БИІГІНДЕ, ХАЛЫҚ – ЖҮРЕГІНДЕ

(Басы 1-бетте)

Академик Қозыбаев – ұлттың тарихи жады мен тәуелсіздік идеясының тоғысқан тұсында тұрған тұлға. Ол қазақ мемлекеттілігінің, ұлттық бірліктің, мәдени сабақтас-тықтың ғылыми негізін қалады. Бүгінде оның идеялары біздің университеттің білім беру миссиясында өмір сүріп келеді. «Тарих – халықтың зердесі, ал зерде жоқ жерде мемлекет те әлсірейді» – деген академик сөзі біздің рухани бағдарымызға айналды.

Біз ұлы ғалымның «ғылым халыққа қызмет етуі керек» деген қағидасын басшылыққа алып, студенттерге тек білім емес, рухани бағыт беруді мақсат етеміз. Университет қабырғасындағы әр студент ұлт тарихының жалғасы

екенін сезінуі тиіс. Өйткені Манаş Қозыбаевтың еңбегі – осы сезімді ояту еді. Академиктің «дала өркениеті» туралы тұжырымдамасы – бүгінгі гуманитарлық ғылымның жаңа бағытына жол ашқан жаңалық. Бұл идея қазіргі жас ғалымдарға ұлт тарихын жаһандық контексте зерделеудің үлгісін ұсынады. Сол арқылы университеттің ғылыми әлеуеті де күшейіп келеді. Ғалымның есімі бүгінде тек университеттің маңдайшасында емес, әрбір ұстаздың жүрегінде, әр студенттің бойындағы ұлтжандылық рухында өмір сүреді. Біз оның идеяларын білім беру процесінде, ғылыми зерттеулерде және қоғамдық бастамаларда жаңғыртып келеміз.

Бүгін Манаş Қозыбаевтың 94

жылдық мерейтойын атап өте отырып, ұлы ғалымның ғана емес, тұтас ұлттың зердесін дәріптейміз. Оның өмір жолы жас ғалымдар үшін – өнеге, ұлт үшін – ұлағат, ел үшін – тағылым. Манаş Қозыбаевтың мұрасына иелік ете отырып, жаңа буынды отансүйгіштік рухта тәрбиелеуді, гуманитарлық ғылымдарды қоғам дамуының негізгі күші етуге ұмтыламыз. Университет қабырғасындағы бүгінгі студент – ертеңгі ел тарихының жалғасы, ал Манаş Қозыбаевтың ғылыми мұрасы сол жастардың қолындағы шырақ болып қала береді.

Ербол Исақаев,
М.Қозыбаев ат. СҚУ
Басқарма Төрағасы-Ректоры.

СЕМЕЙНАЯ И ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ

Память человеческая – удивительный механизм души. Она не просто хранит прошлое, а словно отбирает из него то, что согревает нас в трудные минуты. Воспоминания о детстве, о любимых людях, о тех мгновениях, когда мы чувствовали себя счастливыми.

Каждый год 16 ноября мы вспоминаем, как отмечали день рождения нашего отца – Манаşа Кабашевича. Вернее мы никогда специально не отмечали этот день, но неизменно в хлебосольный родительский дом стекались друзья, коллеги, самые родные и близкие.

Папа, как всегда, был в центре внимания – шутил, развлекал всех занимательными историями, находил для каждого теплое слово. Он умел создавать вокруг себя атмосферу радости и дружелюбия, словно всё хорошее начиналось именно с него.

В нем удивительным образом сочетались глубина ума и непосредственность, безграничная доброта и непреклонность характера, когда дело касалось принципиальных вопросов, глубочайшие знания и обезоруживающая доверчивость.

Наши воспоминания о нём – это семейная память, личная и тёплая. Но историческая память, к созданию которой он причастен, гораздо шире. Она объеди-

няет судьбы людей, идеи, время. Отец не просто рассказывал о прошлом – он помогал другим чувствовать связь времён. И теперь он сам вошёл в историю, став частью той памяти, которую так бережно создавал.

Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева сегодня – это современный образовательный и научный центр, соединяющий традиции и инновации, большая семья единомышленников, объединённых любовью к знаниям, уважением к прошлому и стремлением к развитию.

Мы выражаем глубокую признательность всему коллективу университета – преподавателям, сотрудникам, студентам. За их труд, бережное сохранение памяти и наследия Манаşа Козыбаева, развитие традиций, которые делают университет достойным его имени.

Гульшат Қозыбаева,
журналист,
кандидат исторических наук



ЕЛ ТАРИХЫН СӨЙЛЕТКЕН ҒАЛЫМ

1980-жылдардың соңы мен 1990-жылдардың басы – еліміз үшін ұлы бетбұрыс кезеңі болды. Кеңес Одағының шаңырағы шайқалып, Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болып қалыптаса бастаған шақта тарих ғылымына да жаңа міндеттер жүктелді. Сол тұста тарихшылардың көшін бастап, бағыт-бағдар берген тұлғалардың бірі академик Манаш Қозыбаев еді.



Ол басқарып отырған ғалымдар тобы ең әуелі тарих ғылымының әдіснамасын, яғни зерттеу тәсілдері мен ұстанымдарын қайта қарауға кірісті. Өйткені Кеңес дәуірінде көп дүние саясаттың ығына жығылып, шынайы тарих бұрмаланып келген. Қозыбаев бастаған ғалымдар сол қателіктерді түзетіп, тарихи ақиқатты ашуға бел байлады.

Сол жылдары тарих ғылымында қазақ халқының шығу тегі мен этникалық тарихы ерекше назарға алынды. Ұлттық, елдік болмысымыз төңірегінде туындаған сұрақтарға ғылыми тұрғыда жауап ізделді. Сонымен қатар ұлттық мемлекеттілік пен ел қауіпсіздігі, Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен, ТМД елдерімен және басқа мемлекеттермен байланысы сияқты маңызды бағыттар зерттеле бастады.

Манаш Қозыбаев тек кабинетте отырып теория жазған ғалым емес, тарихтың ауыр тақырыптарын қоғам алдына алып шыққан азамат еді. Мысалы, 1988 жылы қараша айында ол Қазақстан тарихында тұңғыш рет ұжымдастыру кезіндегі ашаршылық мәселесіне арналған Бүкілодақтық ғылыми конференцияны ұйымдастырды.

Ол кезде Кеңес өкіметі тұсында бұл тақырыпты ашық айту қауіпті еді. Бірақ Қозыбаев бастаған ғалымдар қазақ даласында болған қасіретті – 1930-жылдардағы ашаршылық пен миллиондаған адамның қырылғанын алғаш рет

батыл көтерді. Осы еңбектердің нәтижесінде 1989 жылы Мәскеуде шығатын беделді «Вопросы истории» журналы арқылы бүкіл әлем Қазақстанда болған зұлмат туралы алғаш рет білді.

Тәуелсіздікке қадам басқан алғашқы жылдары, 1991–1992 жылдары, Манаш Қозыбаевтың бастамасымен Парламенттік комиссия құрылды. Бұл комиссияның міндеті – 1930-жылдардағы ашаршылық пен саяси қуғын-сүргіннің нақты себептерін, құрбандардың санын, және ол зұлматтың ел тағдырына әсерін зерттеу еді.

Бұл жұмыс – тарихтың әділдігін орнату жолындағы маңызды қадам болды. Сол комиссияның еңбегінің арқасында бүгін біз «Жаппай ашаршылық», «Қуғын-сүргін құрбандары» туралы еркін айта аламыз.

Манаш Қозыбаев ғылым мен білімді тығыз байланыстыра білді. Ол мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған Қазақстан тарихының оқулықтары мен оқу құралдарын жазуға атсалысты. Себебі жас ұрпақ өз елінің шынайы тарихын, батырлары мен қасіретті күндерін білуі керек деп санады.

Сонымен қатар ғалымның жетекшілігімен «Естелік кітаптары» дайындалды. Бұл кітаптарда Ұлы Отан соғысында қаза тапқан қазақстандық жауынгерлердің есімдері жинақталған. Ал «Қасірет кітабы» атты бес томдық еңбек – саяси қуғын-сүргін құрбандарының өмір жолын қамтиды. Бұл еңбектер – халқымыздың Collective Memory, яғни тарихи жадының бір бөлігіне айналды.

Қозыбаевтың еңбектері тек Қазақстанда ғана емес, АҚШ, Ресей, Қытай, Германия, Болгария, Украина, Армения, Молдова, Жапония, Иран сияқты елдерде де жарық көрді. Бұл – оның ғылыми ойы мен еңбегінің халықаралық деңгейде мойындалғанының дәлелі.

Ғалымның азаматтық қыры да ерекше еді. 1990–1993 жылдары Манаш Қозыбаев Жоғарғы Кеңестің халық депутаты болып сайланды. Сол жылдары еліміздің алғашқы Конституциясын қабылдау ісіне белсене араласты. Яғни ол елдің саяси негізін қалауға өз үлесін қосты.

Ал 1995 жылы оның жетекшілігімен «Қазақстан халқының тарихи санасын қалыптастыру тұжырымдамасы» дайындалды. Бұл құжат халықтың тарихи жады мен ұлттық бірлігін сақтаудың ғылыми негізін қалады.

Манаш Қозыбаев – тек ғалым ғана емес, ұлағатты ұстаз. Оның шәкірттерінің көбі бүгінде белгілі тарихшылар, профессорлар, қоғам қайраткерлері. Ол елдің қоғамдық өміріне де белсене қатысты: 1993 жылдан бастап – Президент жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің және Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі болды. Сонымен қатар «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының төрағасы ретінде әділдік пен ақиқат жолында еңбек етті.

Манаш Қозыбаевтың еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Ол 1970 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың, 1995 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының, ал 1997 жылы Президенттің бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығының иегері атанды. Бұл марапаттар оның ғылымға, елге, руханиятқа сіңірген еңбегінің лайықты бағасы.

Манаш Қозыбаев халқымен бірге тыныстап, ел тағдырын жүрегінен өткерген ұлы тұлға. Оның өмір жолы Қазақстанның тәуелсіздікке дейінгі күрделі тарихының айнасы іспетті. Ол – қазақ рухының жаршысы, тарихтың үнін жаңғыртқан, өткен мен бүгінді жалғаған шын ғалым, шын азамат.

**Әсел Бекмурзина,
тарих ғылымдарының
магистрі.**

ВЕЛИКОЕ ИМЯ В ИСТОРИИ

Имя Манаша Кабашевича Козыбаева — одно из тех, что навсегда останутся в истории Казахстана. Учёный, педагог, мыслитель и гражданин, он сумел соединить научную строгость с искренней любовью к своему народу. Его жизнь — пример того, как преданность науке и Родине может стать делом всей жизни.

Родился Манаш Козыбаев 16 ноября 1931 года в селе Итсары Мендыкаринского района Костанайской области. Уже в юные годы он проявил стремление к знаниям: окончил педагогическое училище имени Ибрая Алтынсарина, затем — исторический факультет Казахского государственного университета имени С. М. Кирова, который завершил с отличием в 1953 году. С тех пор его судьба была неразрывно связана с исторической наукой.

Он преподавал в Костанайском педагогическом институте, работал в Институте марксизма-ленинизма при ЦК КП КазССР, занимал руководящие должности в сфере исторических исследований. В 1969 году защитил докторскую диссертацию, через год стал профессором, а в 1989-м был избран академиком Академии наук Казахской ССР.

Манаш Козыбаев оставил после себя богатейшее научное наследие — сотни трудов, десятки монографий, фундаментальные исследования по истории Казахстана, этногенезу казахского народа, вопросам национального самосознания. Его работы стали опорой для новой исторической школы независимого Казахстана.

Сам учёный говорил: «В истории Казахстана происходит движение идеологического просвещения даже накануне великих общественных перемен». Эти слова точно отражают суть его подхода — стремление к осмыслению прошлого без идеологических искажений, с уважением к памяти народа.

Под его влиянием историческая наука в Казахстане пережила об-



новление. Он последовательно освобождал её от догматизма и европоцентризма, настаивая на том, что отечественная история должна рассматриваться как часть мировой, но сохранять при этом собственное лицо. Особое значение имеет его труд «Ақтандықтар ақиқаты», в котором исследователь впервые открыто осмыслил трагические и замалчиваемые страницы прошлого.

Помимо научной деятельности, Манаш Козыбаев проявил себя как общественный деятель. В начале 1990-х годов он был народным депутатом Верховного Совета Республики Казахстан, участвовал в формировании государственной политики, касающейся науки и образования, и внес большой вклад в укрепление независимости страны.

За свою работу он был удостоен множества наград, среди которых — орден «Парасат», медали «За доблестный труд» и «За освоение целинных земель». Его имя носит Северо-Казахстанский универси-

тет, в Костаное действует музей, открытый в школе, где он учился, а перед главным корпусом университета в Петропавловске установлен его бюст.

Современники вспоминают Козыбаева как человека необыкновенной эрудиции и редкой скромности. Доктор исторических наук К. Сыдыкбеков отмечал: «Феномен академика Козыбаева оригинален — он интеллигент в гуманитарной сфере. Его фигура в последней четверти XX — начале XXI века стоит особняком». Он одинаково свободно писал и на казахском, и на рус-

ском языках, соединяя в своих трудах национальное и универсальное. Его слова — «Знание истории народа — не архивный факт, а часть самосознания» — сегодня звучат особенно актуально. В эпоху, когда вопросы идентичности вновь становятся важными, идеи Козыбаева напоминают о ценности исторической правды и ответственности учёного перед обществом.

Манаш Кабашевич Козыбаев ушёл из жизни 30 октября 2002 года, но его наследие продолжает жить — в книгах, лекциях, научных конференциях, в памяти учеников и последователей. Один из его студентов, А. Мусин, вспоминал: «Его внимание к каждому учащемуся, его вера в силу знания — вот что остаётся с нами».

Он действительно строил историю — и сам стал её частью. Его жизнь — пример того, как личная преданность делу может превратиться в национальное достояние.

Нұрай Шүпанова,
студентка 3 курса ФИЛ-23

ЖҮРЕКТЕ САҚТАЛҒАН ҮН

Әр ғалым отандық зерттеулерге айтарлықтай өз үлесін қосады. Бұған халқымыздың: «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген дана сөзі дәлел. Осындай нақыл сөзді халқымыз тарих тарланбозы, академик Манаш Қозыбаевқа арнап айтқандай.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы Қаулысымен Солтүстік Қазақстан университетіне Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылыми академиясының академигі Манаш Қозыбаевтың есімі берілді. 2003 жылғы қазанның 23-інде университеттің ерекше мақтанышына әрі оқытушылар мен студенттер үшін нағыз әдістемелік орталыққа айналған Манаш Қозыбаев музейі мен ескерткіші ашылды.

М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың тарихи музейінде академиктің атаулы залы бар. Атаулы залда тарих ғылымдарының докторы, профессор Манаш Қабашұлының ғылыми еңбектері, фотоматериалдар мен бейнематериалдары жинақталған. Сонымен қатар жеке заттары да сақтаулы. Айта кететін болсақ, «KAZGOR» Жобалау академиясының құрметті академигі атағы берілген кездегі шапан (мантия) мен бас киімі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің құрметті профессоры атағы берілген кездегі шапан (мантия) мен бас киімі, ғалымның көзілдіріктері, төс сағаты, қойын дәптері, автоқаламы.

Стендке үлкейтіліп жасалған Манаш Қозыбаевтың өз қолымен жазған автобиографиясын музейден көруге болады. Залда Манаш ағаның жастық шағынан бастап, өмірінің соңына дейінгі кезең қамтылған. Көрнекті ғалымның ғылыми еңбектері, фотоматериалдар мен бейнематериалдары, жеке заттары жинақталған. Отбасылық фотосуреттер мен ғалым жайлы бейнематериалдар бар.

Манаш аға отбасында өнегелі әке атанып, зайыбы Сара Пішенбайқызымен бақытты өмір сүрді. «Әке көрген оқ жонар» дегендей, ұлы Илияс – тарих ғылымының докторы, профессор, елші, әке есімін биік ұстауға тырысып, кейінгі ұрпаққа қалдырған мол мұрасын жеткізуде. Қызы Гүлшат – тарих ғылымының кандидаты. Ал немерелерінің алды жоғары оқу



орындарында дәріс алып, аталарының парасатты биік жаратылысы болған тұлғасын жүректерінде мәңгі сақтап, мақтан тұтар. Ата қанымен бойға сіңген тазалық қасиеттері әлі талай санада сыңғырлары анық.

Бейнематериалдар студенттерге танымдық дәріс ретінде көрсетіледі. Музей холлында академик Манаш Қозыбаевтың бейнесі бейнеленген дыбыстық жүйедегі галограмма орнатылған. Галограмма дыбысындағы академиктің өзінің жанды дауысы, оны симпозиумдар мен Халықаралық конференцияларда сөйлеген сөзінен үзінді алынған. Манаш Қозыбаевты жас ұрпаққа үлгі етіп, шығармашылығы мен еңбектерін насихаттау мақсатында «Тарих тарланбозы» атты мүшайра мен «Сөнбейді Манаш – жұлдыз» атты әдеби кештер, көрме өткізіліп отырылады.

Манаш Қозыбаев ғылыми, ғылыми-ұйымдастырушылық және педагогикалық қызметтерімен қатар мемлекеттік және қоғамдық өмірге де белсенді араласқан көрнекті қайраткер. Бұл жайлы музейде орналасқан фотосуреттері бар стенд қабырғасынан көруге болады.

Қазақстан тарихына 40 жылдық өмірін арнаған М.Қозыбаев артынан 800-ден астам ғылыми-көп-

шілік еңбектер, соның ішінде 30 монография, 50-ден астам ұжымдық еңбектер, оқулықтар мен оқу құралдар қалдырып кеткен. Оның еңбектерінің басым көпшілігі Қазақстанның тәуелсіздігінің қалыптасуы мен осы кездегі тарихи оқиғаларға арналған. Оның басшылығымен Ұлы Отан соғысында қаза тапқандар туралы 60 томнан асатын «Зерде кітабы», саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы 5 томдық «Азала кітап» басылып шықты.

Академик Манаш Қозыбаев артына ешқашан ескірмейтін және өшпейтін ескерткіш қалдырды. Ол – Манаш Қозыбаевтың тарихтың қатпар-қатпар қойнауларын ашуға арналған еңбектері, ол – ұшқыр да өткір қаламынан туған еліне, Отанына деген абзал ниеті, армантилектері. Сондықтан да оның есімі елдің аузында болса, өшпес орны – тарихта.

1998 жылдан бері М.Қ.Қозыбаевтың басшылығымен қазір Қазақстанға ғана емес, шетелдік ғылыми қауымға да кеңінен таңылған арнайы ғылыми басылым «Отан тарихы» журналы шығарылды. Академик М.Қозыбаев үн қатпаған тарих және қазіргі заманға қатысты қандай да болмасын өткір қоғамдық-саяси мәселе жоқ сияқты. Оның мерзімді баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарындағы өзекті ғылыми және публицистикалық мақалалары мен сөйлеген сөздері кеңінен танылып, жұртшылықтың шынайы ілтипатына бөленді.

Манаш ағамыздың жарқын бейнесі бізбен бірге. Көзі тірі болса биыл 94 жасқа толар еді. Оның өмір жолы, ғылым ретіндегі болмысы – заман тынысы, халық үні. Ол үн – санамызда жаңғырып, жүректерде сақталып қалған.

**Гүлжанар Ахмеджанова,
М.Қозыбаев ат. СҚУ-дың
тарихи музейінің маманы.**

МЕН ЖӘНЕ ТАРИХ

Әр адам тарихшы. Ол өз өмір жолын біледі. Ал әр өмір үлкен тарихтың бір сынығы, жаңқасы. Саналы жан жеті атасын, өз тайпасын біледі. Ұлт тарихынан пікір өрбіте алады. Тіпті пікір сайысына түсетіндері бар. Шежіре – әрбір қазақтың ермегі, ал “ермек” десең жанжалға да қалу қауіпің бар.

Менің олардан айырмам – мен кәсіби тарихшымын. Жеке кейбіреуден көп білгенмен, барша Отан тарихын білем деп айту қиын, мүмкін де емес. Тарих сансалалы. Көктемде су еріп, жайылып, жылға-жылғамен, саймен, пәлі болар болмас жырамен ылдилап өзенге, көлге, мұхитқа құятын құбылыс осы ұлы тарихқа да тән.

Бірде Францияға сапарға барып, мұхит жағасына саяхат жасадық. Бір тартылып, жағаға қайта оралып бір соғып, континентті айналап, толқындарымен ұрып-соғып жатады екен ұлы мұхит. Жалпы тарих – осы мұхит, біздің Отан тарихы – соның құрамды бөлігі, жілігі ғана. Солай бола тұрса да сол ұлт тарихының өзі шексіз құбылыс. Оны бір адамның біліп болуы мүмкін емес. Біз кәсіби тарихшылар сол тарихты жілік-жілікпен бөліп, шағып, даму заңдылықтарын түсінуге тырысамыз, құпия беттерін ашуға ұмтыламыз, өмір бойы жанымызға тыныштық бермей ізденеміз. Білмегенімізді біліп, өзіміздің кешегі жазғанымызды өзіміз түзетіп жататын кезіміз де аз емес. Мен сондай тарих зерттеушісінің бірімін.

Педагогикалық училищеде оқыған кезде сүйікті ұстаздарым менің болашағыма болжам жасайтын. Мамандығы тілші, әдебиетші Жұмағали Дәненов ағамыз: “Манаш әдебиеттанушы болады” дейтін. Ішімнен жазушы болуды армандайтынмын. Математик ұстазым Кәләм Байназарова “Манаш математик болады” деп үзілді-кесілді айтатын. Ішімнен геолог болуды да ойлайтынмын. Бір жыл мұғалім болып тарихтан сабақ бердім. Сол жылы қыс бойы фантастикалық әдебиетті көп оқыдым. Мен жатқан үйдің баласы, бұрын педучилищені бітірген Тілеміс Тілеуқабылұлы Мұстафин сол кезде КазГУ-де тарих факультетінде оқитын. Шамасы бұл да әсер етті ғой деймін. Педучилищеде геометрия, тригонометрия, химия сабақтарын өтпеуім де болашақ



мамандық таңдауымды шектеді. Осылай мен тарихшы мамандығын таңдадым.

Тарих мамандығы не үшін маған ұнайды?

Тарих – негізгі ғылым. Барша ғылым айналып келгенде екіге бөлінеді: бірі – адам баласының тарихы, екіншісі – табиғат тарихы.

Тарих – Отаныңның, ата-бабаңның ғасырлық арман жолы;

тарих – Отаныңның басына күн түскендегі ойран жолы, оны қорғау жолы;

тарих – Отаныңның, ата-бабаңның ғасырлық думан жолы;

тарих – Отаныңның, халқыңның қалыптастырған ата-салты;

тарих – халқыңның ғасырлар бойы қалыптастырған этникалық аумағы;

тарих – әрқайсымыздың ата-бабамыздың бұл күні табиғатқа қосылған сүйегі мен аспанда ұшып, бізді аруақ болып құшып жүрген рухы.

Ендеше, тарих – қасиетті ғылым.

Мен тарихшы санатында алдыма қойған мақсатыма жете алдым ба? Біздің өмір жолымыз бірнеше дәуірден өтті. Мен кешегі ұлы аштықпен қан төгілген, көз жасы егілген соғыстың баласымын. Жан дүнием сол зар мен өкііктен жаралған. Бұл кезең жоғары оқу орнын бітірумен аяқталды.

Өмір жолым КОКП-ның XX

съезі кезінде басталды. Бұл кезең өткенге ревизия болған тұс. Кеңестік идеология сол бір заманда жан-жақын соққы жеп жатты. Жан дүниеміз астан-кестен болды. Л.И. Брежнев сол күйді бірізге салғандай болған кезде “қайта құру” кезеңі келді. Ол тәуелсіздік заманасына ұласты. Ендеше біздің көзқарасымыз, барша болмысымыз осы бір мазасыз аумалы-төкпелі дүниеге бірде малынып, бірде былғанып, бірде шырмалып жаратылды. Сондықтан да біздің ұрпақ өз миссиясын толық атқарды деп айта алмайды. Оған біз емес, бізді өсірген замана кінәлі.

Алайда осыған қарамай Отан тарихының қайта жаңғыруына қосқан үлесіміз жоқ емес. Ол туралы кезінде зерттеушілер айта жатар.

Біздің буын отаршылық идеологиясына қарсы шығып, табандылық танытты. С. Асфендияров концепциясын Е. Бекмаханов жалғады. Жаңа заманда бұл миссияны орындау біздің еншімізге тиді. Алайда етекпен тарту бұл кезде де қалған жоқ. Кенесары сүйегін іздесең үстіңнен арыз түседі. “Қозыбаев қазақ пен қырғызды қағыстырайын деп жатыр”, – деп жазады ондайлар. Есікте қалған Абылайды төрге сүйресен оны Әбілқайырмен тоқайластырады. Орта жүзді Кіші жүзбен соғыстырғысы келеді. Абылай үш жүзге хан болды десең, жоқ, ол Орта жүздің ғана ханы болды дейді. Ондағы ойы – қазақ тұтас ел болған емес, ол жаңа заманда да ел бола алмайды дегісі келеді.

Жаңа заманада бөлініп, бөлшектеңіп үйреніп қалған қазақ аталар жарысын, батырлар жарысын бастады. Ал бізге, тарихшыларға олардың әрқайсысы ұлт перзенті болғандығымен қымбат, өз мүдделерін, тайпа мүдделерін ұлттың намысқа тірегендігімен сүйікті.

Дегенмен де соңғы тәуелсіздік жылдары көп проблемалардың басы қайырылды.



Ең алдымен, тарих сахнасына қазақ халқы оралды, оларды бастаған ел көсемдері халқымен қауышты, отаршылардың бет-пердесі сыпырылды. Шежіре қалыптасып, тарихи жанр деңгейіне ілікті. Қазақтың Ресейге өз еркімен емес, амалсыз, лажсыз кіруге мәжбүр болғаны дәлелденді. Қазақ этносының қалыптасу жолын зерттеу тереңдей түсті, қазақ сахарасында болған мемлекеттік құрылымдардың тарихы жазылу үстінде. Ұлтымыздың жоңғарлармен үш жүз жетпіс жылдық соғысы біркелкі баяндалды, ұлт-азаттық қозғалысын зерттеу бір ізге түсті, Алаш, Алашорда тарихы зерттеліп, өз алды бір белес болып тұлғаланды. Саяси-құғын сүргінге ұшыраған, ауып келген халықтар тарихы, қазақ диаспорасының тарихы жазылды. “Ұлы Отан соғысы және қазақ халқы” деген проблеманы зерттеу негізінен аяқталып келеді. Тарихи демографияның табысы мол, бұл күні ол өз алдына бір сала. Тарихи деректеме даму үстінде. Тарихнама Отан тарихының келелі проблемаларын көрсетіп қана қоймай, барлаушылық, болжамдық миссиясын да орындау үстінде.

Тарих ғылымының дамуына үлкен ықпал жасаушы – Елбасы. Президент тарих тағылымын білгісі келеді. Нұрекеннің ықпалымен елімізде тарихи сананы қалыптастыру бағдарламасы жасалды. Құғын-сүргінге ұшырағандарды еске алу күні белгіленді. Тұтастай бір жыл тарихи зерде жылы деп жарияланды, өткен тарихты түгендеуде келелі істер атқарылды. Оның үстіне Елбасы методологиялық маңызы бар тарихи еңбектер

жазды. Тарих бұрын ресми жазылатын, көбіне орыс тілінен қазақ тіліне аударылатын. Орысша түпнұсқасын көрмесең, қазақша мәтініне түсіну де қиын болатын. Шүкіршілік, қазір ана тілінде көсемсөздік дәстүрімен жазылған тарихи әдебиет пайда болды. Бұл болса кешегі Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Әубәкір Диваев дәстүрі. Сірестіріп, тірестіріп жазған тарихи әдебиет оқырман санасына жете бермейді, оның ақпараттық ықпалы басым болуы ғана мүмкін.

Менің кейбір әріптестерім тарихтың бір түйінді мәселесін өмір бойы зерттеуді, сөйтіп сол тақырыпта монополист болуды қалайды. Сөз жоқ, мұндай мамандану керек-ақ. Бірақ сол бір мәселе бойынша білімдар болып, қалған тарихи проблемалардан бойын алыста салып, өмір бойы отыру дұрыс па? Менің ойымша, қандай болмасын кәсіби тарихшы Отан тарихының басты кезеңдерін білуге міндетті. Орыстың атақты Карамзині, Соловьевы, қазақтың Санжары, Ермұқаны, Ақайы, мұндай биіктен көріне алды. Ал, кез-келген кәсіби тарихшы оқырманға публицистік жанрда тарихи процестердің даму заңдылықтарын, бағытын, тарихнамдағы даулы мәселелердің жалпы желісін жеткізе алуға тиіс. Бұзаулы сиыр болса, ол сүт бермесе неге керек?! Сол сияқты сен кәсіби тарихшы екенсің, Отан тарихының басты проблемаларын білуге тиістісің!

Бұл күні әңгіме басқада. Үйреншікті өз проблемасынан алшақтаса

орман ішінде адасамын деп қорқады, жүрексінеді. Амал нешік, тарихшылар әулетінде де неше түрлі жүйіріктер бар, әліне қарай шабады...

Тарихымызды зерттеуші корпус бұл күні дәуірлеп өсу жолында. Алдыңғы толқын ағалар соңынан кейінгі толқын інілер ілесіп, бірінен-бірі тіресіп емес, тоғысып, сыйысып, сыйласып өмір кешуде. Пікір сайысы дұрыс, пікір соғысынан құдай өзі сақтасын! Айтар сөзді өркениетті айту, мәселені шиеленістіру емес, шешімін табу жолында болу өсу жолы екенін түсіне бастағандаймыз. Алдыңғы толқын ағаларымыз Әлкей Марғұлан, Ақай Нүсіпбекұлы, П. Галузо, Бек Сүлейменұлы, Григорий Дахшлейгер, Сергей Покровский, Ермұқан Бекмаханов, Әбді Тұрсынбаев, Нығметолла Киікбаев, Серікбай Бейсембаев, Павел Пахмурный, Рамазан Сүлейменов, Ахмет Ержанов және тағы басқалар бұл күні арамызда жоқ. Біз сол буынның жалғасымыз. Бір сапта бір тілекте табысты еңбек етіп Байдабек Төлепбайұлы, Мәлік Хантемірұлы, Кеңес Нұрпейісұлы, Оразак Смағұлұлы, Карл Молдахметұлы, Болат Көмеков, Мәмбет Қойгелдіұлы, Зұлхарнай Алдамжарұлы, Тұяқбай Рысбекұлы, Жамбыл Артықбаев, Хисмет Табылдыұлы, Меруерт Қуатқызы, Дина Исабайқызы, Дүйсетай Шаймұханов, Әзірхан Жұмасұлтанов, Талас Омарбекұлы, Аманжол Күзембайұлы, Жанұзақ Қасымбайұлы, Төлтай Балақайұлы, Жакен Таймағамбетов, Күләш Әбілқызы, Леонид Гуревич, Қайдар Алдажұманов, Әбдеш Төлеубаев және басқалар келе жатырмыз. Біздің білетініміз – көптеп көтерген жүк жеңіл.

Отан тарихы-ортақ ісіміз. Бірлік бар жерде тірлік бар. Бүгінгі күнгі көп табыстың шыңы – Отан тарихының бес томдық академиялық басылымы. Лайым, сол жұмыс сәтті аяқталсын. Біз осылай келесі буын тарихшылардың жұмысын жеңілдетеріміз хақ.

Осы ұлы көште мен де бармын, ағайын!

(М. Қозыбаев, «Жұлдызым менің»,

- Алматы: «Арыс» баспасы, 2001 ж., 81-86 бб.)

БІЛІМГЕ ҚАНАТ ҚАҚТЫРДЫҢ



Ғылыммен ізденетін – біз демекпін,
Одан басқа қызықты дем-демеппін.
Қозыбаев білімімен сусындап мен,
Есіміңді түлететін – біз демекпін.

Асқақтатып атағыңды, шарықтатып,
Қанатымды қағармын қалықтатып.
Еңсенді ел алдында биіктетіп,
Ұрпақты ізденіске бағыттатып.

Оралмайды «студенттік» бақ
шақтарым,
Бой алдырып, ұйып тыңдар әр сәтім.
Өзің жайлы тебіреніп, жыр жазам,
Ақтарам жан сырымды алғыс айтып.

Қарлығаш Қаратаева,
КЯЛ-25к
тобының студенті.

ВЕРШИНА!



Он шел, где время оставляет след,
Где клик веков звучит в сердцах
народа.

Он знал: история подарит свет
И душам путь, так ищущим восхода!

Средь бурь и книг, среди судеб, лет
Он истину искал, не ради славы.
И сам, как гордый, вечный силуэт,
Он до сих пор незримо остается с
нами!

Ирина Мерк,
студентка 4 курса,
кафедра ЖСН.

Студент шығармашылығынан...


ЕСІМІҢДІ ЖЫР ЕТЕМІЗ

Сарыарқаның самалы сырын ашып,
Тәңір таңы төріне нұрын шашып,
Білім өрге беттеген үлкен жүрек –
Қозыбаев арманның жырын асып.

Ғылым болып өрілген әрбір сәтің,
Уақыт та жұта алмайды тарих хатын.
Қанат қаққан талай жас сенен кетіп,
Алып кеткен жалынға Манап атын.

Біздер де әлі алда түлетерміз,
Болашағын баянды гүл етерміз.
Боз даланың төсінде дабыл қағып,
Қозыбаев есімін жыр етеміз!

Сандуғаш Қайырбек,
Ж-25к
тобының студенті.



ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ ЖАРЫҒЫ



Елің сүйген, ұлттың ұлы тірегі,
Білім нұрын шырақ қылып жүретін,
Тарихқа терең бойлап өткен ғалым,
Халқына өз ғұмырын сый етті.

Жарық еткізіп ғылымның асқар тауын,
Жастарға сен көрсеттің дұрыс жағын.
Шабытыңнан қозғау алып шәкірттерің,
Болашаққа сеніммен қадам басты.

Ұлылықтың өнегесін ел ұмытпас,
Есіміңді тарих мәңгі жоғалтпас.
Қозыбаев – даналықтың дарасы,
Өзің салған даңғыл жол еш тозбас.

Ғылым жолы – мерейіңнің бек асқары,
Тағылым мен білімге толы еңбек шыңы.
Жүрекжарды қуанамыз сендей жанға,
Рахмет саған, ұлтымның Ер ұлы!

Жасұлан Ақселеу,
БТ(25)-1а тобының
студенті.

ҰЛТЫНЫҢ ҰЛЫ



«... ұлт ұлықты болса, ол – мемлекет-орда құрып, өз мәдениетін қалыптастырып, өркенітпен қабыса дамып, белгілі бір кеңістік пен мерзімде оның есігінен сығаламай, төріне шығатын бақыт қонады. Ұлтың рухты болса, ұлтың ұлықты болса, тарихшы оны жаза алмаса, тарихтың сырын таба алмаса – ол тарихшы емес, ол тек оның елесі ғана»...

М. Қозыбаев

Манаш Қабашұлы қаламы қарымды, ойы тұжырымды публицист ретінде де танылған тұлға. Оның тәуелсіздік жылдарында жария көрген публицистикалық еңбектері бүгінде сан қырынан зерттеуді талап ететін тақырып. Өмірінің соңғы күніне дейін қаламы қолынан түспеген жанның көземсөз шеберлігі түйсіне білген адамға баға жетпес ақыл мен даналықтың қазынасы.

Манаш ағамыздың публицистикалық еңбектері «Заман-Қазақстан», «Егемен Қазақстан», «Қазақ елі», «Қазақ әдебиеті» газеттері, «Парасат», «Отан» журналдары сияқты еліміздің іргелі басылымдарында жарық көрген. Ғалым елдік, ұлттық құндылықтар, адами қасиеттер, хақында толқи жазып, сөзбен өрнектелген із қалдырған.

Манаш Қабашұлы «Ұлт болмысы» публицистикалық туындысында өзінің ойын алдығы даналардың пікірінен сабақтастырып әкетеді. Қазақтың ұлттық келбетін сақтап қалу үшін қандай әрекеттерді ұстанғаны дұрыс, нені үйреніп, неден жиіркенгені жөн деген ойдың төңірегінде Абай Құнанбаевтың, Әлихан Бөкейхановтың ойлары бүгінгі күннің қарететінде де орын алатындығын сөз етеді. Оның да ойы алдыңғы буын тұлғалар айтқан, үйрену, жетілу, білу дағдаларын қалыптастыру қажеттігімен қортындыланады.

Ұлттық намыс қажында айтар ойы, санаға құяр сөздері жігерлі. Мақаланың әр сөйлемі, әр абзацы автордың намысқойлығын айқайлата жеткізетіндей. Ар, ұят, намысты адами қасиеттің арқауы деп білген ол «ұлттық намыс» аталатын ұғымның астарында қандай түсініктер жатқандығын жеткізуді мақсат тұтады. Тарихшы ұлттық намыс түсінігі қазақ үшін жаңа ұғым еместігін жақсы біледі. Басқа деректерін айтпағанда, қазақ эпосы, батырлар жырындағы оқырманды жігерлендіретін, рух-

тандыратын сөздердің өзі ұлттың бұл қасиеттерге қашанда жақын болағандығын дәлелді баяндайды. Ұлты үшін жанпидалық әрекеттен тайынбаған алаш көсемдерінің ой-пиғылдары да ұлттық намысты ояту, жігерлеу, дамыту екендігін сөз етеді. Қазақтың ұлттың болмысы мен беделін түсіретін теріс мінез-құлықтарды ол да әшкерелейді, намысшылдықпен ашына айтады. Тәуелсіздік тұғырында отырсақ та, айылыңды жимасаң, қауіп-қатер молынан екендігін айтады. «...Есік алдында дауыл тұр, үй артынан, жанынан сығалаған көршілер тұр, еліңді торған, байлығын сорған, қаптаған шетел алпауыттары...», – деген ескертулерін жеткізіп, «Намыс атына мін, қазақ!» деп басты ойын ұрандатады.

Манаш Қозыбаевты қатты толғандырған мәселелердің бірі – тіл, дәлірек айтсақ, ұлт тілі. «Ана тілі дамыған, ата тарихы танылған, барша болмысы көркем тілде жазылған халық қана өркенниеттің төл перзенті», – деп түсінетін ғалым ХХІ ғасырда тілге қатысты толғанатын мәселелерді саралап береді. Еліміз тәуелсіздік туын жоғары желбіретіп отырса да, өз қадір-қасиетін танытатын тілін қажетті деңгейге көтере алмай отырғандығын ашына айтады. Оның себептерін жүйелей келе «Тәуелсіздікті рухани баянды ету үшін тіл саясаты идеологиялық сарынға бағынышты, жалынышты болмауы шарт. Ол аумалы-төкпелі болмай, бір ізгілікпен, табанды, негізгі бір принциптерге сүйене

отырып, жүргізілуі абзал...», – деп өзінің ақыл-кеңесін тыңдар құлақ болса, солай қарай бағыттайды. Егемендік алғаннан бері елдегі тіл саясатының жүргізілу форматына көңіл толмастық білдіреді. Тіл өз статусына жету үшін қандай әрекеттер жасау керектігі туралы ойы да ашық айтылған. Мемлекет құрудың ең басты көрсеткіштерінің қатарында тіл, әдебиет, тарихтың да маңызды екендігін еске салады.

Ата-бабамыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздіктің таңы атқанда, сол тарихи сәтті қуана қарсы алған ғалымдардың бірі – академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев еді. Жаңа мемлекет құрудың заңдылықтарын, оның шарттары мен белгілерін ең жақсы білетін де сол кісілер болатын. Себебі ол өмір бойы ел мен жердің тағдырын зерттеп, тарихтың тереңіне бойлаған тұлға еді.

Манаш аға әрдайым: «Жер тағдыры – ел тағдыры» деп айтатын. Бұл ұғымның астарында тұтас ұлттың болашағы жатқанын ол жақсы түсінді. Ғалымның өзі айтқандай: «Жер – өмірмен, халықпен, тарихпен біте қайнаған ұғым. Жер – Тәңірдің адамзатқа енші етіп берген ұясы, болашақ ұрпаққа аманаттаған мұрасы. Жер – ұлт болмысының түп-тамыры». Бұл сөздерде елге деген ыстық сүйіспеншілік пен ұлт алдындағы жауапкершілік айқын сезіледі.

(Соңы 10-бетте)

ҰЛТЫНЫҢ ҰЛЫ

(Басы 9-бетте)

Манаш Қабашұлы «Патриотизм – өз Отанына, өз халқына деген адалдық пен сүйіспеншілік» деп анықтама берген. Оның түсіндіруінше, ұлтжандылық пен Отансүйгіштік – егіз ұғым, екеуінің түбі бір. Шынайы патриотизм – адамның азаматтық санасымен, қоғам алдындағы борышымен көрінеді. Ғалымның айтуынша, егер елде отанын сүйетін азаматтар көп болса, ол мемлекетке ешбір жау бата алмайды.

Патриотизм – адамзатқа ортақ қасиет, бірақ қазақтың ұлтжандылығы ерекше, жігерлі сезім. Ғалым осы тақырыпты жиі көтерген. Ол бүгінгі қоғамның әлсіз тұстарын көріп, елін шын сүйетін жастардың көбейгенін қалады. «Сөзімен де, ісімен де ұрпаққа дем берсем екен» деген ой оның барлық публицистикалық еңбектерінде айқын байқалады.

Манаш Қозыбаев өз мақалаларында ұлт зиялыларының рөліне де ерекше мән берген. Оның пайымынша, бүгінгі интеллигенция – ғылым мен техникада, гуманитарлық салада, басқару ісінде, меди-

цинада, құқық, әдебиет пен өнер саласында еңбек ететін адамдар жиынтығы ғана емес, сонымен бірге ұлттың ұйытқысы, елдің шамшырағы болуы тиіс. Ол зиялыларды: «Ұлттың тірегі, ой-арманының биігі, сарқылмас қазынасы, әлемге танылар айбыны» деп сипаттайды. Ғалым билік басындағыларға «Ұлт зиялыларын жүдетпей, ыдыратпай, ел мүддесі негізінде біріктіру – мемлекеттік саясаттың өзегі болуы керек» деген нақты талап қойған.

Манаш Қабашұлының еңбектерінен адамның азаматтық тұлғасы қайдан бастау алатынын да айқын көруге болады. Ол «Азамат» деген ұғымға ерекше мән беріп, бірнеше анықтама ұсынған. Мысалы, ол былай дейді: «Азамат – ата-ана мен ел үмітін ақтаған, Отан сенімін бойтұмар қылып сақтаған, достық сырын шашпаған, зұлымдық жолына баспаған, сегіз қырлы, бір сырлы, арлы адам». Тағы бір тұсында: «Азамат – қиын сәтте тәуекел қайығына мінетін, жетім-жесірге, мұқтажға қамқор бола алатын ерен ер» – дейді.

Бұл анықтамалардың әрқайсысы адам бойындағы адамгершілік, бағылдық, адалдық, қайсарлық сияқты асыл қасиеттердің жиынтығын көрсетеді. Ғалымның осындай анықтамалары оқырманның азаматтық намысын оятып, елге қызмет етуге жетелейді.

Манаш Қозыбаев өз еңбектерінде қазақтың алып тұлғаларын мысалға келтіре отырып, бүгінгі жастардың бойындағы азаматтық мінезді қалыптастыру жолдарын да айтады. Ол кей кездері қоғамдағы келеңсіз құбылыстарға сын көзімен қарап, ескертуін де жасайды. «Әрбір перзентіміз құлқынның құлы болмай, Отанның ұлы болса – қандай бақыт!» – деп ұрпаққа аманат сөзін қалдырған.

Манаш Қозыбаевтың публицистикалық мұралары – ұрпақ үшін сарқылмас қазына. Оның артында қалған жазбаларда әлі толық зерттелмеген, терең ойға жетелейтін тақырыптар көп. Ол жастардың еншісінде.

Ботагөз Қожабекова,
М.Қозыбаев атындағы СҚУ
тарихи музейінің жетекшісі.

УЧЕНЫЙ С СЕРДЦЕМ ПАТРИОТА

Академик Манаш Козыбаев до конца своей жизни оставался, говоря образным языком, не с «искоркой» в душе, а с «реактором», который и согревал, и зачаровывал, и освещал путь.

У драгоценного камня – огромное количество граней. С какой стороны не взгляни – представляется новая сторона, сияющая ослепительным блеском. Сегодня мы, в очередной раз обращаясь к научному наследию М. Козыбаева, открываем новые грани его творчества.

Каждый из нас, кто в той или иной мере соприкоснулся с миром науки, понимает, насколько этот мир требует самопожертвования, трудолюбия и постоянного «горения». Огонь в душе исследователя может быть завораживающим и согревающим, обжигающим и ранящим, тлеющим и остывающим. Академик Манаш Козыбаев до

конца своей жизни оставался, говоря образным языком, не с «искоркой» в душе, а с «реактором», который и согревал, и зачаровывал, и освещал путь, и подпитывал энергией других людей. В возрасте 70 лет он был ученым, не только полным идей, но и активно их реализующим.

М. Козыбаев оставил после себя огромное историческое наследие, заключенное в его трудах, которые делают их автора бессмертным.

Многосторонность научных интересов позволила М. Козыбаеву создать собственную историческую школу и подготовить новую плеяду талантливых ученых: около сотни докторов и кандидатов наук

(13 докторов и 85 кандидатов наук). Они сегодня являются ведущими казахстанскими историками, государственными и общественными деятелями. Среди его учеников есть видные ученые Китая, Монголии, Узбекистана, России, ректора университетов, профессора ВУЗов, деканы и заведующие кафедрами ВУЗов, ответственные работники Аппарата Президента.

Он – автор около 800 научных и научно-популярных работ, в том числе 30 монографий, свыше 50 коллективных трудов, учебников и учебных пособий на русском и казахском языках.

(Продолжение на стр. 11)

УЧЕНЫЙ С СЕРДЦЕМ ПАТРИОТА

(Начало на стр. 10)

Круг его научных интересов можно сравнить с многоцветьем весеннего луга. Начав свой профессиональный рост с изучения вклада Казахстана в Победу Советского Союза в Великой Отечественной войне, он постоянно расширял круг своих интересов. Со временем ему удалось создать целостную картину историков казахского народа, его уникальности и нелегкой судьбы в XX столетие.

Но то, что объединяет и делает его взгляды единым целым – это патриотизм. Через все его научное творчество красной нитью проходит истинная любовь к своему народу и Отечеству. В его работах слышится и боль потерь, и неприимчивость к несправедливости, и гордость за достижения, и вера в лучшее будущее казахского народа.

Академика М. Козыбаева всегда отличала активная гражданская позиция, и даже в советское время, диктовавшее свои жесткие правила, он поднимал наиболее острые проблемы, касающиеся сохранения национальной самобытности казахского языка и культуры, развития нации в целом, привлекал к дискуссии о духовном развитии нации авторитетных представителей творческой и научной элиты Казахстана. Правда, которая бросала тень на высшее руководство страны, ставила ее авторов в ряд неблагонадежных людей, которых государство наказывало за «оплошность». В книге «Золотой фонд партии», написанной в 1973 году в соавторстве с Зоей Голиковой, отмечалось, что движение кадров в республике проводится сверху, из центра. Фактически кадровая политика находилась в стагнации, когда секретари обкомов не менялись по 20-25 лет. Монографию запретили и изъяли. В итоге М. Козыбаев получив партийный выговор, был отлучен от исследовательской работы и вынужден перейти в Алма-атинский зооветеринарный институт на педагогическую работу, где историков не выпускали. Попытка вскрыть пороки стагнирующего общества и



их искоренить была властью пресечена. Расправа над книгой отбила в дальнейшем у исследователей желание заниматься кадровой проблематикой в республике.

Однако трудности не сломили ученого. Он продолжал активно работать. В 1986 году М. Козыбаеву было присвоено звание заслуженного деятеля науки Казахской ССР. Поистине широкие возможности изучения неизведанных пластов истории Казахстана открылись перед ученым в период перестройки. В 1988 году он стал директором Института истории, археологии и этнографии, где и трудился до конца своих дней. Этот период деятельности для ученого был самым плодотворным, так как он работал уже не один, а с командой увлеченных исследователей-единомышленников.

История стала действенным инструментом в формировании национального самосознания и духовного возрождения казахского народа в период ломки старой и создания новой системы общественных ценностей. С обретением независимости Казахстана новые горизонты открылись перед отечественной исторической наукой. Она вышла из своих чисто академических рамок и активно стала участвовать в становлении

новых мировоззренческих позиций. Начало перемен в общественной жизни выдвинуло на первый план исторические исследования, свободные от идеологизации, европоцентризма, классового подхода и партийности. За период независимости историческая наука подняла огромный пласт отечественной истории ранее не востребованной и забытой. Ликвидация «белых пятен» в истории Казахстана, изучение национально-освободительного движения и казахской государственности, определение места и роли Казахстана в мировом пространстве Евразии способствовали формированию исторического сознания и поступательному развитию общества. Глубокое изучение исторических процессов было направлено на сохранение политической стабильности, духовного единства и межнационального согласия.

Свои взгляды о роли исторической науки в формировании гражданского патриотизма М. Козыбаев обосновал в связи с формированием общенациональной идеи: «В качестве общенациональной идеи, которая должна обеспечить нормальное функционирование общества, выдвинута идея упрочения гражданского мира и межнационального согласия, идея национального и общенационального, общекзахстанского патриотизма. Всесторонне подчеркивая идею общенационального патриотизма, на наш взгляд, следует шире и глубже исследовать истоки казахского национального патриотизма, ставшего составной частью менталитета народа. Мы особо подчеркиваем этот аспект потому, что казахский народ несет особую ответственность в формировании общекзахстанского патриотизма, общенациональной идеи упрочения гражданского мира и межнационального согласия».

Являясь образцом патриотизма, М. Козыбаев органически в себе сочетал уважительное отношение и к другим народам. Это также отображается в его великом трудовом наследии.

(Продолжение на стр. 12)

УЧЕНЫЙ С СЕРДЦЕМ ПАТРИОТА



(Начало на стр. 10-11)

В его книге «Жұлдызым менің» («Моя звезда») – есть эссе «Я и история», где автор рассуждает о месте историка в скоротечном мире. Через призму истории, осмысление ее уроков человек сможет выполнить свое высшее назначение на земле. История в его понимании – это путь, пройденный предками, их победы и поражения, их дух, «который поддерживает нас в минуты испытаний». В целом, история, по мнению М. Козыбаева – святая наука.

Призывая сохранять преемственность поколений посредством знания правдивой истории, М. Козыбаев поддерживал чувство здорового критицизма и остерегал от следования конъюнктурному запросу и социальному заказу.

В последней статье «Монолог об Отчизне» М. Козыбаев называет период независимости Казахстана «эпохой возрождения», подчеркивает его закономерную связь с предыдущей историей, которая является составной частью истории мировой цивилизации. Он считает независимость главным достижением любо-

го народа, так как она дает простор для реализации собственных программ и проектов. Последними его словами, в которых слышалась вера в лучшее будущее своего народа и Отечества были: «И поэтому независимость – наш главный лозунг, наш голубой флаг, наше будущее благополучие и счастье, наш наступающий светлый рассвет! Да будет благословенна наша независимость, народ наш высок и крепок духом, народ Казахстана пусть будет великим, а само государство – процветающим и богатым. Пусть наша страна станет лучшей из многих, чтобы на нее равнялись другие страны и народы, дорогие друзья!».

М. Козыбаев мечтал уйти, исполнив свой долг перед народом. Всей своей жизнью и деятельностью он выполнил свою великую миссию.

В наследство М. Козыбаев нам оставил свои труды и напутствия, которые сегодня имеют огромное значение в исследовании истории Казахстана и воспитании казахстанского патриотизма.

Людмила Гривенная,
заведующая кафедрой АНК,
доцент

«ПАРАСАТ»

газеті

МЕНШІК ИЕСІ:

«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес

акционерлік қоғамы.

БАСПАГЕР:

«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ тарих, экономика және құқық факультетінің

«Журналистика және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасы.

БАС РЕДАКТОР:

Гүлгүл Тулешева.

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР:

Павел Притолок.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕНЖАЙЫ:

15000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев көшесі,

№ 6 оқу ғимараты, 215 кабинет, «Парасат» редакциясы, parasatmedia.ku@gmail.com.

Қайта есепке қою туралы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық

даму министрлігінің 2021 ж. 19 қарашадағы

№KZ73VPY00042947 куәлігі берілді.

Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын әрдайым көрсете бермейді.

Газет ай сайын шығады.

Таралымы: 50 дана.

Тапсырыс №225.



Газета

«ПАРАСАТ»

СОБСТВЕННИК:

Некоммерческое акционерное общество «СевероКазахстанский университет имени

Манаша Козыбаева».

ИЗДАТЕЛЬ:

Кафедра «Журналистика и социальные науки»

факультета истории, экономики и права НАО

«СКУ им. М. Козыбаева».

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

Гүлгүл Тулешева.

ВЫПУСКАЮЩИЙ РЕДАКТОР:

Павел Притолок.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

150000, Северо-Казахстанская область, город

Петропавловск, улица Мағжана Жұмабаева,

дом 114, учебный корпус № 6, кабинет 215, редакция «Парасат»,

parasatmedia.ku@gmail.com.

Свидетельство о постановке на переучёт №KZ73VPY00042947 выдано

Министерством

информации и общественного развития Республики Казахстан от 19 ноября 2021 г.

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.

Газета выходит 1 раз в месяц.

Тираж 50 экземпляров.

Заказ №225.

Қымбатты оқырмандар!

Құрметті Kozubayev University оқытушылары, студенттері мен қызметкерлері! Сіздерді ынтымақтастыққа шақырамыз. Бізге жоғары сапалы фотосуреттер мен адамдар жайындағы қызықты жазбаларыңызды, ғылыми ізденістеріңіз бен өзекті

мәселелер туралы материалдарыңызды жіберіңіздер.

Дорогие читатели!

Уважаемые преподаватели, студенты, сотрудники Kozubayev University приглашаем

вас к сотрудничеству. Присылайте нам свои истории об интересных и выдающихся

людях, актуальных событиях, материалы на злободневные темы, проиллюстрированные качественными фотографиями.